

Ақкөл ауданы әкімінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімінің 2016 жылғы 2 маусымдағы № 2 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына сәйкес, қолданыстағы заңнамаға сәйкестендіру мақсатында, аудан әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ақкөл ауданы әкімінің келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

"Сайлау учаскелерін құру туралы" 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 20 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4623 тіркелген, 2015 жылғы 13 ақпанда аудандық "Ақкөл өмірі" және "Знамя Родины KZ" газеттерінде жарияланған);

"Ақкөл ауданы әкімінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 20 "Сайлау учаскелерін құру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 28 қазандағы № 18 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5045 тіркелген, 2015 жылғы 20 қарашада аудандық "Ақкөл өмірі" және "Знамя Родины KZ" газеттерінде жарияланған).

2. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі.

Т. Едігенов